



**ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ  
ХАБАРШЫ**

**№ 3 (41)  
2012**



**ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ**  
**ХАБАРШЫ**  
**№ 3 (41)**



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы  
Мемлекеттік терминология комиссиясының бюллетені**

**№ 3 (41)**

2012 жылғы

**Құрылтайшы:**

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат  
министрлігі

ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы 2002 жылғы 27 мамырда № 2993-Ж куәлігі берілген.

*Редакциялық алқа:*

**Д. Мыңбай**  
Мемтерминком  
төрағасы

А. Қырықбаев – *Төрағаның орынбасары*  
Ш. Құрманбайұлы – *Мемтерминком хатшысы*

К. Бұрханов  
Қ. Сарыбай  
М. Сқақов  
К. Демеш  
Д. Омашұлы  
С. Абдрахманов  
Ө. Айтбайұлы  
М. Ахметов  
С. Ақаев  
Х. Әбішев  
Е. Әбдірәсілов  
С. Әлісжанов  
Ж. Бейсенбайұлы  
С. Ибраим  
Ш. Пәттеев  
К. Юсуп

**Бас редактор**  
**Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ**

## ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ, ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Хабаршының бұл айдарымен ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Әкімшілік жұмыс департаменті басқармасының бастығы Ахмет Кендірбекұлының «Төтенше жағдайлар саласында терминдерді қалыптастыру мәселелері», Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Тіркеу офисінің директоры, филология ғылымдарының докторы Е. Әбдірәсіловтің «Салалық терминдер мен жалпығылыми терминдердің электрондық жиынтығын жасау қажеттілігі», М.Х. Дулати атындағы ТарМУ-дың аға оқытушысы Сардарбек Нарматовтың «Экономикалық пәндер бойынша жоғарғы оқу орындарында оқу сабақтарын қазақ тілінде жүргізу барысында кездесетін терминологиялық қиыншылықтар» атты мақалалары жарияланып отыр.



**Ахмет Кендірбекұлы**  
*ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі*  
*Әкімшілік жұмыс департаменті*  
*басқармасының бастығы*

## **ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР САЛАСЫНДА ТЕРМИНДЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Жалпы терминдердің қазақ топырағындағы бүгінгі қалыптасу үдерісін алсақ, бұл сипат төтенше жағдайлар саласына да соқпай өткен жоқ. Сала қызметкерлері мен ғалымдар ізденіп, «Орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздік», «Төтенше жағдайлар саласының, азаматтық қорғаныстың және әскери терминдердің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі», «Төтенше жағдайлар жөніндегі қысқаша терминологиялық орысша-қазақша сөздік», «Селтану сөздігі» тәрізді кітаптар шығарғанымен, Мемлекеттік терминология комиссиясының сүзгісінен өтіп бекітілген, терминдерді түгелдей жіктеп, жіліктеп берген толыққанды сөздік қолға тимей тұр. Осыдан аттай екі жыл бұрын төтенше жағдайлар саласында жиі қолданылатын терминдердің бір шоғырын жинақтап, нақты айтсақ, 3860 терминді Мәдениет министрлігінің Тіл комитетіне тапсырдық. Оның ішінде асылы да жасығы да болуы мүмкін. Тілші-терминші ғалымдардың талқысынан өткеннен кейін ғана бекіту үшін Мемлекеттік терминология комиссиясының назарына ұсынғанбыз. Алайда осы күнге дейін кірген із бар да шыққан із жоқ.

Таяуда шығып, Тіл комитеті таратқан «Төтенше жағдайлар және азаматтық қорғаныс энциклопедиялық анықтамасы» да төтенше жағдайлардағы қалыптасқан сөз тіркестерін түсіндіруді ғана көздеген. Тіпті көлденең көк аттылардың да осы сала бойынша шығарған жұқалы-жуанды кітаптарындағы терминдер күнделікті сала тіршілігімен қабыспайтынын аңғартты.

Оның да өзіндік себебі бар. Біріншіден, сөздің бәрі термин бола алмайды. Термин ұсыну бір басқа да, оның қолданысқа айналуы – бөлек әңгіме. Жеке тұрғанда сөздің мәнін дәл беріп тұрған термин тіркеске түсіп кеткен жағдайда жаңағы сөлінен айрылып, жүдеп-жадайды. Әбден уақыт елегінен өткен, баршаның сұранысына жауап берген термин ғана өміршен бола алады. Оның үстіне қазақ тілінің ұшан-теңіз байлығының өзі бір терминді ой мен сөйлемнің ретінде қарай сан құбылтады. Екіншіден, төтенше жағдайлар саласының көптеген терминдері әскери және техникалық терминдер болғандықтан қазақ тілінде құлақсінді болмай жатқаны құпия емес. Өйткені күнделікті өмірде олардың ағауы тек орыс тілінде ғана қолданысқа ие болып отырғанын жауып, жасыруға болмайды.

Термин деген сөздің өзі латын тілінен аударғанда «шек», «шекара» дегенді білдіретінін ескерсек, ұғымдарды дәл, нақты атау үшін үлкен шеберлік қажеттілігі айқын аңғарылады. Ау баста Ахаң, Ахмет Байтұрсынов атап өткендей, «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа ауыз тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерін алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айрылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек» деген еді. Ғалымның көрегендікпен айтылған бұл пікірі бүгін де аса маңызды.

Сондықтан болу керек, термин мен терминология туралы сөз болғанда әңгіме көп жағдайда терминдерді өзге тілдерден өзгеріссіз қабылдау, қабылдамау немесе баламаның сәтсіз, сәтті жасалғандығы туралы әңгіме төңірегінде жүреді. Сала қызметкерлерінің немесе ғалымдарының ұсынуымен терминдердің біразын Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы мемлекеттік терминология комиссиясы бекітті. Бұл – терминдер саласындағы барлық мәселе осымен шешілді деген сөз емес, қазіргі уақытта қоғамдық өмірдің барлық салаларының қауырт дамуы нәтижесінде тілдің лексикасы күннен күнге жаңарып, мольға түсуде екенін көз көріп, құлақ естіп отыр.

Әр саланың өз термині бар. Сол терминдерді қолдану арқылы белгілі бір саланың бағыт-бағдары анықталады. Мән-мағынасы айқындалып, сол саладағы терминологияның одан әрі даму процесі жүйелену арқылы қалыптасады. Мұндай ғылыми ұғымдарды пайымдау жолында ұлттық терминологияның тереңнен тамыр салуына деген қажеттілік туындайды. Сол себепті, дәл қазір төтенше жағдайлар саласында терминдерді біріздендіру мәселелері де өзінің өзектілігімен ерекшеленіп отыр. Өйткені терминдік жүйе белгілі бір арнайы саланың ақпараттық тілі болып табылады. Терминологиялық ақпарат дәлдігі мен нақтылығы әр саланың төл ұғымдары жөнінде толық мәлімет беретіндігімен ерекшеленеді.

Бүгінгі таңдағы ең бір күрделі мәселе – терминдерді біріздендіру екені ақиқат. Себебі аудармашылар бір сөзді әрқелкі аударып жүргені де жасырын емес. Тіпті Мемлекеттік терминологиялық комиссия бекіткен кейбір терминдердің түрлі мәнде қолданылып жүргенін байқаймыз. Мысалы, Мемтерминком «авария» терминін «апат» деп («Русско-казахский словарь утвержденных терминов» Кітап: «Бекітілген терминдер сөздігі», «Дайк-Пресс», Алматы, 2009 ж. 235-б.) бекіткен. Жалпы «авария» сөзінің мағынасы түсіндірме сөздіктерде «жұмыс, қозғалыс кезінде қандай да бір механизмнің, машинаның зақымдануы, істен шығуы» деп түсіндіріледі. Ал, «катастрофа» сөзінің мағынасы қайғылы зардаптары бар оқиға деп келтірілген. Біз оны да «апат» немесе «жойқын апат» деп алып жүрміз. Ал іс жүзінде соңғы кезде қабылданған барлық заңнамаларда, Үкіметтің нормативтік құқықтық актілерінде «авария» –



«авария», «катастрофа» – «апат» деп жазылған. Кейде «бедствие» сөзі де «апат» делінеді. «Катаклизм» сөзі де сол тақылеттес. Ал Үкімет бекіткен мемлекеттік мекемелер тізбесінде біздің сала мекемелері атауларының барлығында «авария» термині сол қалпында жүр. «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару қызметі» деп аталатын мекемелер (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1112 қаулысы) бар. Алайда осы қаулыда «Водно-спасательная служба» «Суда құтқару қызметі» деп мекеменің атауы дұрыс аударылған. Ал авариялық сөзіндегі -лық, -лік жұрнақтарының өзі кәсіптің мақсатын білдірсе керек. Мысалы, ұсталық, жазушылық, диқаншылық т.б. Ендеше, бұл мекеме аварияны өзі туғызып, өзі құтқарады деген ұғымды ойға ұялатпай ма? Бізше, дұрысы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және апатта құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемесі.

Біздің ойымызша, авария – апат, катастрофа – кесапат, бедствие – зілзала, катаклизм – жойқын апат болуы керек сияқты. «Апат» тұрғанда «авария» сөзін қазақтың сөз байлығына енгізудің ешқандай мүдделілігі жоқ.

Осындай әркелкіліктің өзі терминдердің әлі бір ізге түспегендігін, уақыттың елегінен өтпегендігін көрсетеді. Осылайша төтенше жағдайлар саласында ең жиі қолданылатын терминді екіұдай пайдалану жұртты шатастырып жүргенін де жасыруға болмайды.

Өңір, аймақ, өлке, аумақ сөздері қазақ тілінде синоним ретінде қолданыла береді. Әдеби тілдегі, көркем әдебиеттегі олардың контекстік қолданысын шектеудің еш реті жоқ. Алайда осы атаулардың қазіргі кезде аударма жасау, түрлі ресми құжаттарда қолдану кезіндегі аражігі толық ажыратылды деп айту әлі ерте. Нұсқау, нұсқаулық, нұсқама, құрылым, құралым, құрама сөздерінде де осы жағдайлар кездеседі. Тревога, сигнал, сиреналар қазақ тілінде дабыл деп аударыла салады. Бірақ өмірдегі қолданыстағы мәні басқа-басқа.

«Жизнеобеспечение» сөзі де түрлі-түрлі аударылып жүр. Бірде «тіршілікті қамтамасыз ету» бірде «тыныс – тіршілікті қамтамасыз ету», бірде «өмір тірлігін қамтамасыз ету».

Күнделікті қызметтегі «учение» сөзі бірде «оқу», бірде «оқу-жаттығу», бірде «машықтану» ретінде қолданылып, сөздері де бір ізге түсе алмай жатыр.

Өрт сөндіру қызметіне қатысты «Противопожарная служба с выездной техникой» немесе «противопожарная служба без выездной техники» тіркестерін алайық, күнделікті құжаттарды дайындау кезінде бұл тіркестер «шығу техникасымен өртке қарсы қызмет» және «шығу техникасымен өртке қарсы қызмет» деп аударылып жүр, дұрысы: «өртке шығу техникасы бар өртке қарсы қызмет немесе өртке шығу техникасы жоқ өртке қарсы қызмет» болуы керек деп ойлаймыз. Осындағы «шығу» сөзі де келісіп тұрған жоқ.

Угроза, опасность, риск сөздері қауіп-қатер деп аударылып жүр. Үшеуінің мағынасы үш басқа. Түсіндірме сөздікке жүгінейік: риск – возможность опасности, неудачи, яғни, қауіптілік, сәтсіздік мүмкіндігі. Сонда, қауіптің болуы мүмкіндігі деп түсінетін болсақ, бұл жерде – тәуекел сөзі ойға оралады. Әрі бұл терминді Мемтерминком бекіткен. Алайда күнделікті контексте тәуекел барлық жерде толыққанды термин бола алмайды.

Енді өзіміз қызмет атқарып жүрген саладағы басты тіркестердің бірі – «чрезвычайная ситуация», аудармасында «төтенше жағдай» баламасын пайдаланамыз. «Чрезвычайное положение» тіркесінің де мемлекеттік тілдегі баламасы ретінде жоғарыда аталған тіркесті қолданамыз. Осы екі тіркестің аражігін қалай ажыратуға болады? Сонда «введение режима чрезвычайного положения в зонах чрезвычайных ситуаций» сөйлемін «Төтенше жағдай аймақтарында төтенше жағдай режимін енгізу» деп аударсақ, жаңылтпашқа ұқсап кетпей ме? Оның үстіне, біздің Министрліктің атауы туралы ойланып көрейікші. «Министерство по чрезвычайным ситуациям» қазақшасы «Төтенше жағдайлар министрлігі». Сонда қазақшасын кері аударсақ, «Министерство по чрезвычайным положениям» болып шықпай ма? Біздің елімізде «төтенше жағдайды» енгізуге тек Елбасы құқылы. «Ситуацияны» кейде «ахуал» деп аударатынымыз тағы бар. Министрлік атауы – «Төтенше ахуал министрлігі» шығар. Өйткені ахуалдың түп-төркіні халге тіреледі. Хал бірде жақсы, бірде жаман. Министрлік күнде төтенше жағдайда тұрған жоқ қой. Бұл атау да ойлануды қажет етеді.

Стихийное бедствие сөздері дүлей зілзала деп аударылып жүр. Рас, зілзалаға көшкін, сел, тасқын да жатады, аумағы үлкен. Бірақ кейде землетрясениені де зілзала деп тәржімалайтындар кездеседі. Мұнай-газ саласындағы скважина сөзі бірде ұңғы, бірде ұңғыма, ал водоем, акватория сөздері суат, су тоғандары, су айдыны, су қоймасы деп алмасып қолданыла береді. Бұлардың да аражігін ажыратқан жөн.

Халықаралық қолданыстағы терминдерді сол күйінде, мемлекеттік тілге аудармай-ақ қолдануды ұстанатын пікірлер де бар. Дегенмен қандай да болсын аударылған терминнің көңілге қонымды, тілге тез сіңісті болып кетуі аса маңызды. Осы тұрғыдан «катер» (кіші кеме), «команда» (пәрмен), «объект» (нысан) сияқты сөздерді аудармасыз қолданған да дұрыс сияқты.

Термин жасау – көп ізденісті, шеберлікті қажет ететін, өте күрделі жұмыс. Сала терминдерін сол саланың ұғымдар жүйесі мен ұлттың тілін жетік білетін, сондай-ақ оны шебер пайдалана да алатын кәсіби мамандар жасайтын болса, оларды кәнігі ғалымдар тіл сүзгісінен өткізіп барып, бекітіп отырса, құба-құп болар еді. Оның үстіне жасалған, бекітілген терминдерді қалыптастыру да үнемі қадағалап, реттеп отыруды қажет ететін жауапты жұмыс.

Жалпы төтенше жағдайлар терминдерін біріздендіруді Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінде 2010 жылы құрылған Салалық терминология комиссиясы атқарады. Комиссия Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің





мақұлдауымен қызмет бабында пайдалану үшін «Төтенше жағдайлар саласының қысқаша орысша-қазақша терминдер сөздігін» басып шығарды. Ол аудармамен айналысатын Министрліктің құрылымдық бөлімшелері, аумақтық органдары қызметкерлеріне таратылып берілді. Сөздік мемлекеттік тілде құжат жазуда үлкен көмегін тигізуде.

Салалық терминология комиссиясы биылғы жылы төтенше жағдайлар терминдерін қайтадан түбегейлі сұрыптаудан өткізіп, Астана қаласындағы «Bimash» ЖШС-ға 4500 сөз бен сөз тіркестерін қамтыған «СөзКөмек 4.0» қазақша-орысша-ағылшынша электрондық сөздікке тапсырыс берді. Бұл сөздікке енген төтенше жағдайлар терминдері қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде аударылып беріледі.

Қорыта айтқанда, салалық терминдерді қалыптастыру мәселесі Министрлікте толық шешімін тапты деп айтуға әлі ерте. Өркендеп отырған өмірмен бірге жаңа терминдер де күн сайын пайда болуда. Төтенше жағдайлар саласындағы терминдер де «төтенше», «бөтенше» емес, өзімізше айтылатын, баршаға дәл ұғылатын күн алыс емес деп ойлаймын. Тек бәрімізге ортақ істе сәттілік бергей!

Е. Әбдірәсілов,

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

*Тіркеу офисінің директоры,*

*филология ғылымдарының докторы*

## САЛАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР МЕН ЖАЛПЫҒЫЛЫМИ ТЕРМИНДЕРДІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖИЫНТЫҒЫН ЖАСАУ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Терминографияны терминдер жеткізуші құрал, оның тиімді тәсілдері мен жолдарын қарастыратын терминтанудағы бағыт десек, оның соңғы кезеңдердегі басты қарастыратын тәсілі – электрондық-ақпарат жүйесі арқылы терминдер туралы ақпарат беру, электрондық сөздіктер жасау. Бұл жөнінде: «Терминография немесе терминологиялық лексикография ғылыми-техникалық дамудың негізгі шарты болып саналады», – деп көрсетеді ғалым Ю.Н. Марчук [1, 190 б.]. Ғалым терминографияның басты тәсілдері туралы былай деп көрсетеді:

«Терминография тәсілдері мыналарды қамтиды:

- терминографияланатын мәліметтерді таңдау;
- арнайы сөздіктерде лексикалық бірліктерді, терминологиялық бірліктерді тиімді орналастыру;
- сөздік құрылымын ойластыру және ұйымдастыру;
- терминологиялық сөздік құрылымындағы бөліктерді тиімді орналастыру, бір-бірімен байланыста сатылай беру».

Бүгінгі таңда осындай маңызды міндеттері бар терминографиядағы терминдерді электрондық құралдар арқылы жеткізу, жүйелеу ісіндегі тиімді тәсілдердің бірі – терминдердің электрондық жиынтық базасын жасау. Бұл – сатылай дамыған, қазіргі қоғам, іс жүргізушілер мен салалық мамандар қажет етіп отырған құралдардың бірі.

Аталған еңбектердің даму, қалыптасу, қазіргі деңгейдегі қажеттілікті туындату тарихы электрондық құралдардың дамуымен байланысты. Шамамен 1970 жылдардың бас кезеңіндегі 1960 жылдардың соңындағы барлық мәселелер жалпы лексикография саласының аясында қарастырылып келген орыс терминологиялық лексикографиясындағы және жалпы лексикографияға қатысты өзге де еңбектерде «тезаурус», «ақпараттық-ізденіс сөздігі» (ИПС – информационно-поисковый словарь) ұғымдары пайда бола бастады [2, с. 34]. Бұл бағыттағы еңбектердің, сол кезеңдегі ғылыми зерттеулердің негізгі мақсаты – сөздіктің ғылыми немесе тілдік жүйені басқаша, өзгеше тәсілмен беруге ұмтылған, әрі оларды электронды техника тіліне бейімдеген сөздік түрін жасап, оларды жасаудың әдіс-тәсілдері мен өзіндік қағидағтарын, сөздіктің лексикографиялық ерекшеліктерін, құрылымын анықтау еді. Нәтижесінде,

жалпы тіл білімі деңгейінде қазіргі кезеңде кең қолданылып жүрген «тезаурус» ұғымының екінші мағынасы пайда болып, орыс тіліндегі салалық ғылыми терминдердің «тезаурус» сөздіктері сала-сала бойынша жасала бастады [3, с. 35-36].

Аталып өткен тезаурустың жаңа ұғымын атау еткен сөздік түрі – өзгеше құрылымды жаңа сөздік түрін дайындаудағы орыс лексикографиясындағы ізденістің алғашқы жемісі еді. Тезаурус сөздік – құрылымындағы тілдік бірліктердің бір-бірімен жүйе ішіндегі семантикалық, жүйелік қатынастарына негізделіп берілетін, әрі сол негізде компьютерлік техника мамандарының электронды бағдарлама жасауына икемді етіп жасалатын, әрі қалыптасқан үрдіс бойынша баспадан шығарып, кітап түрінде қолдануға да болатын сөздік түрі екендігі қазіргі тіл білімі үшін ғылыми-теориялық тұрғыдан да, тәжірибелік тұрғыдан да жаңалық емес.

Осындай ғылыми ізденістердің нәтижесі қазіргі уақытта терминдердің электрондық жиынтығын жасауға, оны бір көзге жинақтауға дейін жетті. Орыс лексикографиясында терминдерді де ақпараттық-ізденіс сөздіктері арқылы жүйелеу барысында, терминдерді үйлестіру, реттеу жұмыстарындағы ғылыми зерттеулер дами келіп, «терминологический банк данных» [4, с. 73-74], «база банка терминологических данных» [5, с. 45-46], «банк терминов» [6, с. 68-69] ұғымдарына негізделген жаңа идеялар пайда болды. Бұл ізденістердің мақсаты – тілдегі термин сөздердің жалпы жиынтық мәліметін жасап, оларды ақпарат көзі ретінде пайдалану. Орыс терминографиясының тарихында бұл бағыттағы жұмыстарды Жалпыкеңестік ғылыми-зерттеу институтының ақпараттандыру комитеті (ВНИИКИ) жүзеге асырып келді. Қазір де осы мекеме бүкілресейлік ұйым ретінде қайта құрылып, орыс тіліндегі терминдердің жиынтық мәліметін толықтыру, оны реттеп-жүйелеу мәселелерін толық қадағалап, осыған қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп отыр. Бұл терминдердің жиынтық мәліметін жинақтап, оны терминдерді реттеп отыру мақсатына қолданып, өзгертіп, толықтырып отыруға мемлекеттік деңгейде мән беріліп отырғандығынан хабардар етеді.

ТБД-ны, яғни «терминологический банк данных» деп аталатын жиынтық мәліметтерді жасау тәжірибесі сонымен бірге өзге дамыған елдерде де пайда болып, кеңінен қолданылуда. Мұны батыс және дамыған өзге де елдердегі жарық көрген еңбектер мен ақпараттық бағдарламалар нақтылай түседі. Себебі, компьютерлік техниканың дамуына байланысты, терминдердің жиынтық мәліметі компьютер тіліне негізделген бағдарламалар түрінде жасалып, ғалымдар мен көпшіліктің пайдаланылуына қолайлы етіп шығарылуда. Зерттеушілердің ғылыми-зерттеу еңбектерінен, сондай-ақ ТБД-ны жинақтап, түзудің өзі өз алдына жеке ғылыми мәселе ретінде қарастырылып, оны түзудің өзіндік ерекшеліктері мен қағидаттарының, ТБД-ны жасаудың тиімді жолдарының терминография мен лексикографияда арнайы зерттеу нысаны болып отырғандығын аңғаруға болады.

ТБД-ны жасаудың тиімділігі теориялық терминографияда да, тәжірибелік терминографияда да дәлелденіп отыр. Терминографияның жеке мәселелерін сөз еткен еңбектерінде орыс ғалымдарының қай-қайсысы да бұл мәселеге тоқталмай өтпейтіндігін байқау қиын емес. ТБД-ға қатысты маңызды мәселелерді олардың әрқайсысы әр қырынан талдап көрсетуге ұмтылуда. Мақсат – терминографияның соңғы кезеңдердегі маңызды зерттеу нысандарының біріне айналған ТБД-ның терминдерді реттеудегі, терминологиялық сөздіктердің сапасын арттыра түсудегі қолданысы мен оны ұйымдастырудың пайдалы жақтарын анықтай түсу.

ТБД-ның қазақ тіл біліміндегі қазақша нұсқасын «терминдердің жиынтық мәліметі» деп атағанды ұсынудың жөні бар. Атау әрі қазақ тілінде көрсетілген ұғымның белгілерін ашып тұр, әрі қазақ тілінің өзіндік тіркесті терминдер жасау ерекшелігіне сәйкес келеді. Екінші жағынан, атаудың қысқарған түрін ТЖМ нұсқасында қазақша айту қолайлылау.

Қазақ лексикографиясы мен терминографиясының тарихындағы ғылыми мақалалар мен еңбектерге зер салсақ, бұл тақырып бойынша мәселе көтеріліп, сөз қозғала қоймаған. Оның негізгі себептерінің бірі Америка мамандарының жасаған, қолданысқа қолайлы, дамыған компьютерлік техникаларының елімізде соңғы 10-15 жылда ғана пайда болып, қолданылуымен байланысты болса, екінші себебі компьютерлік техника, компьютерлік бағдарламалар мен қазақ тіл білімінің мәселелерін ұштастыра зерттеуге мән бермей келуімізбен де сабақтас болуы керек.

Бұл арада қол астындағы барлық республикаларға қоғамның барлық салалары бойынша ықпал етуге бейім болып келген «елдің» техника тілімен байланысты осындай мәселелерге көңіл аудармауын, өздері қол жеткізген жетістіктер негізінде техника тілі мен ұлт тілдерінің лингвистикалық мәселелерін ұштастыра зерттеу саласына кеңестік дәуірде қалыптасқан дәстүрлі нұсқауды бермеуін байқамай қалуға да болмайды. Оның да өзіндік түсінікті-түсініксіз себептері бар екендігі анық жайт. Бұл да қазақ терминографиясындағы «терминдердің жиынтық мәліметтерінің» жасалмай, қолға алынбай келгендігінің бір себебі болса керек. Ал белгіленіп берілген нұсқау бойынша жұмыс істеуге бейімделген ғалымдар қауымының бұл мәселені өз бетімен қолға ала қоймағандығы да түсінікті жағдай. Қазақ терминографиясында терминдердің жиынтық мәліметінің электрондық нұсқасын есептегенде, тілшілер мен салалық мамандар дайындаған баспадан шыққан жоба түріндегі нұсқасы да әзірге жасала қойған жоқ. Солай бола тұрса да «терминдердің жиынтық мәліметі» қазақ терминографиясы үшін түсініксіз бола қоймайтын мәселе. ТЖМ-ның қазақ тіл білімінде алдағы уақытта қолға алып, жүзеге асыруға болатын терминографиялық жұмыс, қазіргі қазақ терминографиясындағы зерттеу нысаны екендігін дұрыс түсіну керек. Қазіргі қазақ терминографиясындағы терминологиялық сөздіктердің шығарылу ісін реттеудің өзекті болып отыруы



да осы саладағы үйлестіру жұмыстарын жеңілдете алатын құралдың бірі – қазақ терминдерінің жиынтық мәліметін жасауға деген қажеттілікті аңғартып отыр.

Мейлі лексикографиядағы сөздік түрлерін жасауда болсын, мейлі арнаулы лексиканың, оның ішінде, терминдердің, кәсіби сөздердің, т.б. сөздіктерін жасауда болсын тілдік бірліктерді жинақтаудың немесе өзге де әр түрлі ақпараттар мен мәліметтерді жинақтаудың тәсілі – картотекаға жазу арқылы жинақтау. Бұл – тілдік бірліктер мен оларға қатысты түрлі ақпараттарды жинақтаудың классикалық тәсілі болып есептеліп, қазақ тіл білімінде кеңінен қолданылып келді және қазір де қолданылуда. Ал, компьютерлік машина тіліне жазу арқылы ақпараттарды жинақтау, оның қолданысын әр түрлі бағдарламалар арқылы түрлендіру – техника тілінің дамуымен байланысты пайда болған бұл бағыттағы жаңа тәсіл. Оның нәтижесі – терминдердің жиынтық мәліметі болып табылады.

Терминдердің жиынтық мәліметі ұғымына кеңірек, дәлірек тоқталсақ, бұл – терминдер сөздігінің электрондық нұсқасы немесе электрондық нұсқасы бар, тілдегі термин атаулының сұрыпталып, бекітіліп, сүзгіден өткен толық жиынтығы деп те түсіндіруге болады. Ол алдымен компьютерде теріліп, электрондық нұсқада жасалып машина тілінде сақталады. Қазіргі заманғы баспа ісінің де электронды машиналармен тығыз байланысты жүзеге асырылатынын, нақтырақ айтқанда, теріліп, басылып, сол арқылы баспаға дайындалып, содан кейін ғана баспадан жарыққа шығатынын ескерсек, мұндай электронды нұсқадағы мәліметтердің негізінде дайын сөздік шығару да жеңілге соғады. Бұл терминдердің жиынтық мәліметін жасаудағы мақсаттардың қазіргі заман талабымен үндесіп жатқандығын да көрсетеді. Тіпті, жиынтық мәліметтерді сол күйінде, дайын қалпында ала салудың біржақты, түбегейлі дұрыс бола қоймайтындығын, ондай сөздік шығарудың орынсыз екендігін ескерсек, еш болмаса сол дайын мәліметтерді сапаландыра отырып, өзгертіп, түзетіп, реттей отырып, сөздік шығаруға дайындау арқылы сөздікті баспадан шығару анағұрлым істі жеңілдететіндігі сөзсіз. Сөздік шығарушылар өз терминдерін, мәліметтерін сөздік жасау барысында әр жолы қайта-қайта басынан бастап аяғына дейін компьютерде теріп, түзетіп, тексеріп әуре болмайды деген сөз. Оның орнына кететін уақыт пен күш-қуат сол ТЖМ-дағы дайын тұрған терминдерді толықтыруға, сөздік құрылымы мен сапасын жақсартуға жұмсалады. Бұл біріншіден, сөздік жасау ісіне кететін уақыт пен интеллектуалды күш-қуатты үнемдейді деген сөз, екіншіден, сөздік сапасының жақсара түсуіне, сапасының жоғарылауына ықпал етеді деген сөз. Демек, терминдердің жиынтық мәліметі кез-келген уақытта, қажеттілікке орай сөздік түзуге дайын тұрған, қай кезде де түзетуге, толықтыруға, құрылымын өзгертуге, әр түрлі мақсаттағы қолданылған терминдердің қолданысын реттеп, бақылап отыруда негізгі тірек етіп пайдаланатын, терминдердің машина тіліне салынған толық жиынтығы.

Дайын болған терминдердің жиынтық мәліметінің өз қызметін дұрыс атқаруы оның мамандардың қарауынан, сүзгісінен өткен, қолданысқа енгізіп, сұрыптап барып арнайы мемлекеттік, республикалық деңгейдегі ұйымдардың бекітуімен мойындалған, көпшілік қолдаған эталондық еңбек болып дайындалуына байланысты. ТЖМ-ның өзінің негізгі қызметі де терминдерді үйлестіру, реттеу ісінде эталондық тірек қызметін атқаруға ұмтылуында. Сондықтан қазақ терминографиясында ТЖМ жасауды қолға алған жағдайда оны ұйымдастыру мәселелері мен оған іріктеп алынатын терминдер ретіне, оларды ТЖМ-да берудің құрылымына баса мән берілуі және сапалы болуы үшін ұзақ мерзімде дайындалғаны қажет.

Сондай-ақ ТЖМ барлық сала бойынша бірден жасала салатын немесе соңғы шыққан 31 томдық терминологиялық сөздіктер сериясы сияқты науқанды түрде түзіле салатын еңбек болмауы тиісті. ТЖМ-ды жасаудың да әлемдік тәжірибеде қалыптасқан сағылары бар. Айталық, алдымен әр ғылым салалары терминдерінің жиынтық мәліметтері жеке-жеке жасалуы тиісті. Олардың біртұтас жиынтығы ғана жалпыұлттық терминдер жиынтығын құрайды.

Бұл арада «ТЖМ-ның баспа бетінен шығарылып тұратын сөздіктерден айырмашылығы неде?» – деген орынды сұрақ туындайды. Бұл тұрғыда, ТЖМ да белгілі бір уақыт айналымында шығарылып отыратын сөздіктер сияқты өзгертіліп отыратындығын жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, жоғарыда да ТЖМ-ның бірқатар тиімді жақтары талданып көрсетілді. Бірақ ТЖМ-ның тиімді жақтары айтылғандармен шектелмейді. ТЖМ-ды жалпы сөздіктен ажырататын белгілері де осы тиімді жақтарымен байланысты.

Солардың бастысы – олардың маңына тіліне бағдарламалауға икемділігі. Бағдарлама арқылы ТЖМ-ның әр түрлі нұсқаларын да жасауға болады. Айталық, терминнің басқа терминдермен байланысы туралы ақпарат беретін бөлім арқылы ізденіс жасалып отырған терминнің жүйе ішіндегі басқа терминдермен қатынасы анықталып, өзге де терминдер туралы ақпарат ала отырып, сала ішіндегі терминнің орнын анығырақ айқындай, түсіне түсуге болады. Немесе бағдарлама тілінде терминнің бір ғана тілдегі аудармасын емес, бірнеше тілдегі аудармасын да көрсетіп беруге мүмкіндік мол. Мұндай тәжірибені көршілес орыс терминографиясында жасап үлгергендігіне Жалпыресейлік ғылыми-зерттеу институтының ақпараттандыру комитетіндегі (ВНИИКИ) терминология бөлімі ұйымдастырған конференцияда баяндалды (2004 жылғы 28 мамыр). Оған қоса, айтып өткендей, ізденіс жасау арқылы термин туралы ақпарат алу ТЖМ-ның сөздіктерге қарағанда қолданыста анағұрлым ыңғайлы, қолайлы болатындығын көрсетеді. Ал аталып өткен жан-жақты қызметтерді баспа жүзіндегі сөздіктерде қамтып беру мүмкін бола бермейтін жағдай. Екінші жағынан сөздік арқылы мұндай ақпараттарды оқып білу, түсіну де қолайлы бола қоймайды. Дегенмен, мұндай қызметтердің жүзеге асуы тек тілшілердің, сала мамандарының ғана емес, негізінен бағдарлама жасаушы информатика мамандарына байланысты екендігін де мойындауға тиістіміз.



Ғалым Ю.Н. Марчук соңғы шыққан еңбектерінің бірінде арнайы сөздер сөздігіне мынандай талаптар қойылуы тиісті деп көрсетеді. Олар:

– «ғылым мен сал ұғымдарына қатысты барлық сөздер мен терминдердің толығырақ қамтылуы;

– Қажет емес ақпараттардың қамтылмай, тасылып кетуі;

– Сөздік құрылымдарының әмбебаптығы, бірнеше сөздік қызметін бір ғана еңбектің атқарып, олардың бір түрінен екінші түріне пайдалану барысында ауысып қолданудың жеңіл болуы» [1, 194 б.].

Ғалымның көрсетіп отырған соңғы талабы – тиімді, оңтайлы, пайдалы, сөздік-еңбек, сөздік-құрал дайындауды меңзейді. Оны ғалымдар бірде оқулық сөздік, бірде тақырыптық сөздік, тақырыптық-оқулық сөздік деп әр түрлі жобада ұсынып жүр.

Бұл талаптардың тек терминологиялық сөздіктерге ғана емес, қазіргі қоғам қолданысында маңызды болып саналатын ТЖМ сынды орталықтандырылған жиынтық жүйеге де қатысы бары және бұл талаптар оларды сапаландырудағы негіз екендігі сөзсіз.

Демек, ТЖМ баспадан шығатын сөздіктерге эталон болатын, олардың жарыққа шығуын жеңілдететін, әрі электронды түрде қолданылып, сақталатын көлемді еңбек түрі. Осы тұста, бағдарламаға байланысты ТЖМ-ның тағы бір ерекшелігі – оның әр түрлі бағдарлама түрінде жасала алатындығында. Бұл сапалы бағдарламаны сұрыптап алуға тағы мүмкіндік береді деген сөз. Бірақ эталон еңбек болғандықтан, бір ғана нұсқасының бекітіліп қолданылғаны, мемлекеттік деңгейдегі ТЖМ ретінде қарастырылғаны орынды.

Сонымен бірге, терминографиялық тұрғыдан, терминдерді жүйелеу тұрғысынан мән беруге тиісті міндеттердің қатарына мыналарды атап көрсеткен орынды:

– сөздік шығару орталықтары мен баспаларын бекіту, оларға арнайы лицензия беру арқылы, шығарылған сөздіктердің сапасын қадағалауды, бақылауды, олардың алдағы уақыттағы сапасына жауапты болуға шақыру;

– осындай орталықтар мен сөздік шығарушы баспаларды мемлекеттік бақылауда ұстау және онда жұмыс істеуге білікті мамандарды тарту, т.б.

ТЖМ қалыптастыру қазіргі іргелі-ғылыми зерттеулерді жүзеге асырудағы ұлттық терминқор қалыптастыру, үйлестіру мәселесімен сәйкес келеді. Сөздіктердің электрондық базасын жасау, ақпараттық-ізденіс құралына айналдыру, электрондық құралдармен жұмыс істеуге бейімделген мамандар мен көпшілікке қолжетімділігін қамтамасыз ету – терминдердің практикалылығын қамтамасыз ететін қолданбалы тиімді тәсіл.

Ал ТЖМ-ның ең басты қажеттілігі мен маңызы терминологиялық сөздіктердің шығарылуын, сапалық жағынан жақсаруын бірізге түсіруге түрткі болатын тетік бола алуында.

**Әдебиеттер:**

1. *Марчук Ю.Н.* Компьютерная лингвистика: учебное пособие. – М.: Восток-Запад, 2007. – 317 с.
2. *Богачева Д.П.* Проблемы лексикографического описания научной терминологии: дис. канд. филол. наук. – М., 1999. – 213 с.
3. *Никитина С.Е.* Тезаурус по теоретической и прикладной лингвистике. – М.: Наука, 1978. – 375 с.
4. *Никитина С.Е.* Семантический анализ языка науки. – М.: Наука, 1987. – 141 с.
5. *Гринев С.В.* Вопросы разработки отраслевого терминологического банка данных // Научно-техническая терминология. – 1985. – № 11. – С. 45-49.
6. *Скороходько Э.Ф., Стогний А.А.* Некоторые вопросы создания банка терминов: Лингвистический аспект // Научно-техническая информация. – 1986. – № 8. – С. 67-70.





**С.Р. Нарматов,**

*М.Х. Дулати атындағы ТарМУ*

**Экономикалық пәндер бойынша жоғарғы оқу орындарында  
оқу сабақтарын қазақ тілінде жүргізу барысында  
кездесетін терминологиялық қиыншылықтар**

Қазіргі таңда тәуелсіз Қазақстан Республикасында қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының айрықша белгісінің бірі қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде мәртебе алып, оның еркін және ғылыми негізде кешенді дамытылуы. Қазақ тілін дамытуға барлық ғылымдар жүйесі түгелдей ортақ ат салысып жатыр деп айтуға болады. Жекеленген ғылымдардың өкілдері қысқа мерзім аралығында, яғни тәуелсіздік жарияланған кезеңнен бері қазақ тілін дамытуға айтарлықтай үлес қосып, өздерінің ғылыми салалары бойынша кем дегенде бір-бірден орысша-қазақша, ағылшынша-қазақша және тағы басқа аударма сөздіктер немесе қазақ тілінде энциклопедиялар жазып, баспадан шығарды. Солардың ішінде экономикалық ғылымдардың өкілдері оншақты әртүрлі энциклопедиялар, аударма сөздіктер мен түсініктеме сөздіктерді баспадан шығарды. Сонымен қатар әрбір экономикалық ғылыми пән бойынша қазіргі экономиканың негізгі сипаттарын, даму заңдылықтары мен үрдістерін, зерттеу әдістерін түсіндіретін тиеселі оқулықтар мен оқу құралдары жеделдетіп баспадан шығарылып, жоғарғы оқу орындарында оқу сабақтарын мемлекеттік тілде жүргізуге, білімгерлердің қазақ тілінде білім алуларына барлық қолайлы жағдайлар жасалды. Мысалы, 90-шы жылдардың басында «Экономикалық теория» пәнінен бірде-бір оқулық болмаған еді, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары жазған бір ғана оқу құралы болды [1]. 2000 жылдан бастап қазақ тілінде дайындалған оқу құралдары баспадан белсенді шығарыла бастады, солардың ішінде автордың да 32 таспа беттік «Экономикалық теория» атты оқу құралы 2009 жылы Алматы қаласындағы «Эверо» баспасынан шығарылды [2].

Жоғарыда аталған жетістіктерге карамастан, экономикалық пәндер бойынша жоғарғы оқу орындарында қазақ тілінде оқу сабақтарын жүргізуде біршама қиыншылықтар жиі кездесіп отырады. Ол қиыншылықтарды төмендегідей топтастыруға болады:

- терминологиялық шатастырушылықтар мен мағынасы көпшілікке түсініксіз жаңа ұғымдардың жиі кездесуі;
- ономастикалық комиссия мүшелерінің өздеріне тән аймақтық диалектіне байланысты ұғымдардың ғылыми айналысқа өтуімен байланысты;
- қазақ тілін «дамыту» ұраны аясында кейбір интернационалды терминдерді жасанды ұғымдар арқылы қазақ тіліне орынсыз аудару, соған байланысты түсініксіздіктер мен қайшылықтардың пайда болуы;

– қазақ тілінде жазылған оқулықтардың, оқу құралдарының және басқа әдебиеттердің әлі де болса тапшылығы. Жоғарғы оқу орындарының кітапханалары баспадан шыққан әдебиеттерді көп мөлшерде сатып алуға мұршасыз, сондықтан әрі кетсе 30-50 данасына ғана сұраныс жасап отырады. Ондай саны, мысалы, «Экономикалық теория» және «Экономикалық теория негіздері» пәндері бойынша жеткіліксіз, себебі еліміздің жоғарғы оқу орындарында бұл пәндерді барлық мамандықтардың білімгерлері оқиды.

Экономикалық пәндерден қазақ сабақ тілінде сабақ барысында бірден көзге түсетін қайшылық қазіргі экономикалық жүйе үлгісіне атау беріп, оны сипаттаудан басталады. Көпшілік қазіргі экономикалық жүйені «нарықтық экономика» деп атап жүр. Бұл ұғым ғылыми айналыста да, бұқара халықтың да, саясаткерлердің лексиконында да өзінің тұрақты орнын тапты. Негізінен алғанда қазіргі экономикалық жүйені олай деп атаған қателік, тіпті сауатсыз деп бағалауға болады. Себебі «нарық» деген ұғым тауар сатушы мен сатып алушы арасында, белгілі бір мәмлеге келіп, өзара келіскен бағаның деңгейін білдіреді. Демек, «нарық» ұғымы сұраным мен ұсынымның өзара қатынасын, рыноктық тепе-теңдік бағасының белгілі бір деңгейін білдіреді. Әдетте қарапайым ой деңгейінде әңгімелескенде «базар нарқы қалай екен?» деп сұрайды емес пе? Сонда нені сұрап отырғаны түсінікті емес пе – бағаны. Осы айтылғандарға байланысты қазіргі экономиканы «нарықтық экономика» деп атаған қисынсыз, сондықтан оны «рыноктық экономика» деп атаған дұрыс деген пікірді ұстанамыз.

Экономикалық әдебиеттерде рыноктық экономиканың шаруашылық тұтқаларының ішінде сұраным және ұсыным тұтқаларын әртүрлі атау. Оңтүстік аймақ өкілдері өздерінің еңбектерінде осы ұғымдарды «сұраным», «ұсыным» деп атаса, солтүстік және батыс аймақтардан шыққан авторлар – «сұраныс», «ұсыныс» деп атайды [3]. Тіл мамандарына осы екі ұғым төңірегінде нақты бір шешімге келу қажеттілігі бар, себебі бір әріптің орнының ауысуы олардың теориялық мәнін өзгертіп жібереді де, экономикалық құбылыстың мәнін дәл ашу мүмкін болмай қалады. Мысалы, әдетте қарапайым ой дегейінде «сұраным» өтініш деп түсінілсе, «сұраныс» тапсырыс (заказ) түрінде түсініледі. Ал методологиялық тұрғыдан алғанда «сұраным» ұғымы тұтынушылардың ақшамен қамтамасыз етілген тауар сатып алу қабілетін, ниетін білдіреді.

Экономикалық ғылыми айналыста жиі қолданылатын ұғымдардың бірі – «қарыз» және «несие» ұғымдары. Осы екі ұғым төңірегінде ғылыми өткір пікірталастық пен шатастырушылық бар. Көпшілік экономисттер осы екі ұғымды шатастырады. Себебі еліміздегі авторлардың басым бөлігі Ресей экономикалық әдебиеттерін белсенді қолданады және сол авторлардың ғылыми бағыттарын ұстанады. Ал Ресейлік авторлар «ссуда» мен «кредит» ұғымдарын бір-бірінен ажыратпайды. Сондықтан біздің кейбір авторлар да «ссудный капитал» деген ұғымды «қарыз капиталы» немесе «несие капита-



лы» деп тікелей аударып, шатастырушылықтарға орын беріп отыр. Ал Шығыс, әсіресе арап мемлекеттерінде екі ұғымның мәні екі бөлек түсіндіріледі, себебі экономикалық шаруашылық жүйесінде қарыз капиталы пайызбен байланыстырылады, ал несие пайызсыз қарыз берумен байланыстырылады. Сондықтан профессор О.Ж. Әлиев пен Ғ. Мүсіров дұрыс тұжырымдап отыр: «несие кредит емес, пайыз процент емес» деп.

Халықаралық тіл айналысындағы кейбір терминологиялық ұғымдарды қазақша ұғымдармен алмастыру да үлкен ыңғайсыздықтар мен түсінбеушіліктерді туындатып отыр. Мысалы, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттайтын Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің жинақтарында көптеген экономикалық көрсеткіштер қазақшаға аударылған, солардың ішінде «кірез жүйесі» (канализационная система), «сауда үстемесі» (торговая наценка) сияқты біраз ұғымдарды зерттеуші-экономисттер біржақты түсіне бермейді. «Надбавка к ценам» деген ұғымды зерттеушілер «бағаға үстеме» немесе «баға қосымшасы» деп әртүрлі аударып жүр. «Супермаркет» деген ұғымның тіпті аудармасы да жоқ. «Диверсификация производства», «умная экономика» сияқты біраз ұғымдар «өндірісті әртүрлендіру», «ақылды экономика» деп тікелей аударылып жүр.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, біз тіл мамандарын дайындау барысында экономикалық бағыттағы мамандар, яғни терең экономикалық білімі бар мамандарды дайындау қолға алынса деген ұсыныс жасаймыз. Себебі тіл маманының кез келгені экономикалық құбылыстар мен процестердің мәнін дәл шағылыстыратын ұғымдарды тауып бере алмайды, ол үшін терең экономикалық білім қажет. Филологиялық ғылым саласында арнайы мамандандырылған экономикалық филология бағытын қалыптастыру қажеттілігі айқын болып отыр.

### **Әдебиеттер:**

1. Экономикалық теория (Ред. колл.: Я. Әубәкіров, М. Байжұмасев, Ф. Жақыпова, К. Табеев). – Алматы. 1998 ж.
2. С.Р. Нарматов, А.С. Нарматова. Экономикалық теория. Лекциялар курсы. – Алматы, «Эверо». 2009 ж.
3. Қараңыз: Экономикалық теория (С. Мәуленова, С. Бимолдаев, Е. Құдайбергенов). – Алматы-Ақтөбе, 2002 ж. Алматы-Ақтөбе, 2002 ж., Әлімбаев С., Баймұхамбетова А.С., Жанайдаров У.А. Экономикалық теория. – Астана, 2002 ж., М.Б. Бисенғазиев, А.Ш. Хамитов. Кәсіпкерлік негіздері. – Орал. 2001 ж.

## ҰСЫНЫСТАР

Бұл айдармен ҚР Бәсекелестікті қорғау агенттігі салалық терминологиялық жұмыс тобының, ҚР Қаржы министрлігі жанындағы салалық терминологиялық комиссиясының ұсыныстары, ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі ұсынған орысша-қазақша салалық терминдер, ҚР Ұлттық Банкінің күнделікті жұмыста қолданатын сөздер мен сөз тіркестері, «Қазтелерадио» АҚ мемлекеттік тіл бөлімі әзірлеген сөздігі және өткен санда жарияланған SAP AG компаниясының экономика және қаржы саласы бойынша ұсынған терминдер топтамасының жалғасы мамандар талқысына ұсынылып отыр.

**ҚР Бәсекелестікті қорғау агенттігі салалық  
терминологиялық жұмыс тобының ұсынысы**

<b>Р/с №</b>	<b>Терминнің орыс тіліндегі атауы</b>	<b>Терминнің ұсынылып отырған атауы</b>
1	антиконкурентные согласованные действия	бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекеттер
2	восстановление первоначального положения	бастапқы жағдайды қалпына келтіру
3	высококонцентрированный рынок	жоғары шоғырландырылған нарық
4	государственная помощь	мемлекеттік көмек
5	государственный реестр субъектов рынка	нарық субъектілерінің мемлекеттік тізілімі
6	границы товарного рынка	тауар нарықтарының шекаралары
7	группа лиц	тұлғалар тобы
8	группа товаров	тауарлар тобы
9	действенные меры	пәрменді шаралар
10	демонополизация	монополиясыздандыру
11	достоверный документ	дәйекті құжат
12	зона свободной торговли	еркін сауда аймағы
13	исследование товарных рынков	тауар нарықтарын зерттеу
14	калькуляция себестоимости	өзіндік құн калькуляциясы
15	конкурентная среда	бәсекелес орта
16	косвенная принадлежность	жанама тиесілілік
17	круг субъектов рынка	нарық субъектілерінің тобы
18	меры антимонопольного реагирования	монополияға қарсы ден қою шаралары
19	мониторинг ценообразования	баға белгілеу мониторингі
20	монопольное положение	монополиялық жағдай

21	монопольный вид продукции	өнімнің монополиялық түрлері
22	монопсонически низкая цена	монопсониялық төмен баға
23	монопсоническое положение	монопсониялық жағдай
24	нарушение антимонопольного законодательства	монополияға қарсы заңнаманы бұзу
25	нематериальные активы	материалдық емес активтер
26	низкоконцентрированный рынок	төмен шоғырландырылған нарық
27	оптовая реализация товара	тауарды көтерме саудада өткізу
28	порядок рассмотрения ходатайств	өтінішхаттарды қарау тәртібі
29	потребительские свойства	тұтынушылық қасиеттері
30	правоотношения	құқық қатынастары
31	предварительное согласие	алдын ала келісім
32	предельный уровень	шекті деңгей
33	предоставление согласия на экономическую концентрацию	экономикалық шоғырлануға келісім беру
34	предстоящее повышение цен	алдағы уақытта бағаның өсуі
35	приобретение акций	акцияларды сатып алу
36	промышленный комплекс	өнеркәсіп кешені
37	потребительские свойства	тұтынушылық қасиеттер
38	прямое принуждение	тікелей мәжбүрлеу
39	реализация товара	тауарды өткізу
40	ресурсосберегающие технологии	ресурс үнемдеуші технологиялар
41	рыночные отношения	нарықтық қатынастар
42	совокупная доля	жиынтық үлесі
43	сопоставимый товарный рынок	салыстырмалы тауар нарығы
44	соответствующий товарный рынок	тиісті тауар нарығы
45	степень доминантности рынка	нарық үстемдігінің дәрежесі
46	торговая надбавка	сауда үстемесі



47	умеренно концентрированный рынок	орташа шоғырландырылған нарық
48	упорядочение	тәртіпке келтіру
49	ценовое регулирование	бағалық реттеу
50	экономическое регулирование	экономикалық реттеу

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жанындағы  
салалық терминологиялық комиссиясының  
заң шығармашылығында жиі қолданылатын,  
сондай-ақ қолдану кезінде жиі келіспеушіліктер  
тудыратын терминдер туралы ұсыныстары**

№	Орыс тілінде	Қазақ тілінде
1	Представление	Ұсыныс, нұсқаулық, нұсқама, ұсыным
2	Реконструкция	Рек., қайта құру, жаңғырту, жаңарту, қалпына келтіру
3	Потенциальный поставщик	<b>Ықтимал өнім беруші</b> , ықтимал қамтамасыз етуші, ықтимал жеткізуші т.с.с.
4	Должностное лицо	Лауазымды адам, лауазымды тұлға
5	Реагировать	<b>Ден қою</b> , көңіл аудару
6	Скрепление печатью	Мөрмен нықтау, бекіту т.с.с.
7	Предмет закупок	Сатып алудың заты, <b>мәні</b> , нысаны, нысанасы?
8	Специализированный	<b>Мамандандырылған</b> , арнайыландырылған?
9	Специальный	<b>Арнайы</b> , арнаулы
10	Недобросовестный	Теріс пиғылды, адал емес, <b>дәйексіз</b>
11	В доход	Пайдасына, кірісіне, табысына
12	В установленном порядке	<b>Белгіленген тәртіпте</b> , тәртіппен?
13	Заявка на участие	Қатысу өтінімі, қатысуға өтінім, қатысуға арналған өтінім
14	Не подлежит	Болмайды, жатпайды, тиіс емес
15	Шаг аукциона	Аукцион арасы, аралығы, қадамы, адымы





16	Обеспечение (особые затруднения при информационном использовании данного термина «программн. обесп»)	Қамтамасыз ету, қамсыздама, қамтамасыздығы, қамтым т.с.
17	Социальное обеспечение	Әлеуметтік қамсыздандыру
18	Интеграционный	Интеграциялық, біріктіру
19	Арест имущества	Мүлікті қамаққа алу, мүлікке тыйым салу, мүлікті тұтқындау
20	Домашний арест	Үйқамақ, үй тұтқыны?

**Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар  
министрлігі ұсынған орысша-қазақша салалық терминдер**

Орыс тілінде	Қазақ тілінде
